Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Ақбота» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11-24.11.2023-2024 оқу жылы

Топ тәрбиешілері: Казыбаева М.А, Нарымбетова А.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 20.11.2023	Сейсенбі 21.11.2023	Сәрсенбі 22.11.2023	Бейсенбі 23.11.2023	Жұма 24.11.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертенгі сүзгі, балаларды жақсы, көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)				
	Балаларды амандасу бұрышында қарсы алу (Музыка)	Балаларды әсем әуенмен қарсы алу (Музыка)	Балаларды сыпайы сөздер айту арқылы қарсы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күйді білдіретін смайликтермен қарсы алу. (Музыка)	Балаларды нейро жағтығулармен қарсы алу
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер				
	Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	Ата- аналарға балаларын таңертенгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Сұрақтарға жауап беру, ұсыныстарды тыңдау	Отбасындағы бала тәрбиесі жайлы кеңестер беру	Демалыс кезінде күн тәртібін сақтау, туралы кеңестер беру.
Балалардың дербес әрекеті	Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары (жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс				

(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын: «Бізге күз не әкелді?» Мақсаты: «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын біледі. (Математика негіздері)	Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде болады?» Мақсаты: Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. (қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Балабақша» Мақсаты: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. (сөйлеуді дамыту) «Күзгі бейне» Мақсаты: Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. (сурет салу)	Дидактикалық ойын: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балалар құстар туралы әңгімелей алады. Мақсаты: Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру. (Көркем әдебиет)	Дидактикалық ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, (Математика негіздері) Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын ретімен қою. (Қоршаған ортамен таныстыру)
---	--	--	---	---	---

Ертеңгілік жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті, физикалық дағдыларын дамыту) (затсыз) III – IV апта. 1. Бытырай жүру. “Сырнай” белгісіне сырнай “үрлеу” 2. Бір орында секіру. 3. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер құру. 4. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын дене бойымен түсіріп тұру. Қолдарын алға, артқа сермеу, біртіндеп көтере сермеу. 4-6 рет қайталау. 5. Б.қ.: аяқ арасын алшақ, қолдарын түсіре, тік тұру.”Шүберек қуыршақтар” қолдарын бос ұстай, денелерін оңға, солға бұру, бірнеше рет қайталағаннан соң, б.қ. оралу. 5-6 рет қайталау. 6. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын артқа жасыра тұру. Алға қарай еңкею, б.қ. оралу. 4-6 рет қайталау. 7. Б.қ.: шалқалай жату, қолдары дене бойында. Тізелерін бүге, қолдарымен көмектесе отыру, б.қ. оралу. 5-6 рет 8. “Құлыншақтар” секіре жүгіру. 9. Жай жүру.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет көрсету; Еңбек дағдылары :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік)

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдас-тырылған іс-әрекет	Қазақ тілі Тақырыбы: Отбасы. Дидактикалық ойын: «Менің отбасым» Мақсаты: Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Музыка Маман жоспарына сәйкес	Дене шынықтыру Тақырыбы: Еңбектеу Міндеті: Еңбектеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу, табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу. І.Ұйымдастыру кезеңі	Музыка Маман жоспарына сәйкес	Дене шынықтыру Тақырыбы: Еңбектеу Міндеті: Еңбектеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу, табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу. І.Ұйымдастыру кезеңі Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен	Дене шынықтыру Тақырыбы: Ойын (Таза ауада) «Ақсерек көксерек» Міндеті:Екі топқа бөлініп белгі бойынша қарсылас командамен ойын.
---	--	--	---	--	--

		Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; 2.Жалпы дамыту жаттығулар: Лақтыру, домалату. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. 3.Негізгі қимыл-жаттығулары:		секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; 2.Жалпы дамыту жаттығулар: Лақтыру, домалату. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. 3.Негізгі қимыл-жаттығулары: Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Торғайлар мен мысық» Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау.	
--	--	---	--	---	--

		Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Торғайлар мен мысық» Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау.			
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (Сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен -бақылау, зерттеу әрекеті; еңбекке баулу -қимылды ойындар,	Серуен №6 Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі	Серуен №7 Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа- райын бақылай отырып, күз	Серуен №8 Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге	Серуен №9 Жаяу адамдарды бақылау Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың	Серуен №10 Алғашқы қарды бақылау Мақсаты: табиғат өзгерістерін көре

ұлттық ойындар, спорттық ойындар мен жаттығулар; -балалардың дербес әрекеті;	тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты:Ойыншықтар арын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпақ: «Құстар қайтып барады». Мақсаты:Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстардыдұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады.	мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа,кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік». Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:	байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек:Жапырақтардан гүлшоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстыңжақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.	<i>жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.</i> Бақылау барысы Көркем сөз Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!	білуге үйрету, әдемілікті сезіну. Бақылау барысы. Көркем сөз «Алғашқы қар» Қ. Ыбыраев Бейне ақ бұлт қоныпты, Аулаға қар толыпты. Атам аңға шығатын, Нағыз сонар болыпты. Інім тұрып ертерек: «Бір – ақ түнде қарашы, Қар өсіпті жерге» - деп (тәрбиеші өлең мазмұны бойынша әңгіме жүргізеді) Тәрбиеші сұрақтары: Алғашқы қар канша уақыт
---	---	---	--	---	--

	Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. Қимылды ойын: «Жүзік салу» Мақсаты:Зейін қойып тыңдауға үйрету. Қимылды ойын:«Сымсыз телефон». Ойын барысы: Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді	Үреді абалап Қимылды ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты:Топ болып ойнауға, рөлдердібөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылды ойын: «Тымпи-тымпи». Мақсаты:Топ болып ойнауға, рөлдердібөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи», - дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр	Қимылды ойын:: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Қимылды ойын: «Монданақ». Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ», - деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын	Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді. Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер? - Дұрыс айтасындар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған. Еңбек Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. . <i>Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.</i> Қ/О: «Бағдаршам».	ерімей жатады? (екі – үш күн) Ол ұстағанда қандай болып сезіледі? (ылғал) Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады? (түнде) Зерттеу жұмысы: Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау. Екі қарды салыстыру. Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау. Әлі қар ерімеген жерді табу. Еңбек: Ағаш түптерін қармен жабу. Мақсаты: қардың қорғаныштық қасиеті туралы
--	--	---	--	---	--

	сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б Дербес ойындар: 1.Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу. Тренинг: «Құс болып ұшайық»	түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады. Тренинг: «Біз біргеміз».	қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ Тренинг: «Бір шаңырақ астында»	<i>Мақсаты:</i> бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту - <i>ептіліктерін дамыту.</i> Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту.</i>	түсініктерін бекіту. Қимылды ойын: «Бір, екі, үш - тез жүгір!» Мақсаты: ептіліктерін, жүгіру жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойындары: «Шеңберге түсір». Мақсаты: Белгі бойынша әрекет ету дағдыларына жаттықтыру; Затты нысанаға лақтыра білу әрекеттерін тиянақтау. Халық болжамы: Қарашаның қары екі күн жатса – екі ай қыс,
--	--	---	--	---	--

					Үш күн жатса – үш ай қыс болады.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)				
	«Үш торай» Ертегіні тыңдау Мақсаты: Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Жұмбақтар сандығы: «Кім шапшаң?» Мақсаты: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Дидактикалық ойын: «Кім алғыр?» Мақсаты: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгілде болады?» Мақсаты: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Дидактикалық ойын: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)

Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сұрту,сүлгінііліп қою,көркем сөздерді қолдану,мысалы: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітап оқу (көркемдік қызмет)				
	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату (Музыка)	Халық ертегілерін оқып беру. (көркем әдебиет)	Релаксация «Біздің аяқтарымыз демалады» (Дене шынықтыру)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау «Ғажайып бақ	Релаксация «Алақанға арналған ұйқы» (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпы жетілдіру жаттығуы: 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. 4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. 5. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. Тәрбиеші: Балалар кәне шеңбер құрайық. Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1.«Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик. 2. Табандар арқылы жүру.				

	Тәрбиеші: Балалар енді беті - қолымызды жылы сумен жуып, сүлгімен сүртінейік. Тәрбиеші: Балалар кәне жарты шеңберге тұрайық. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау - саламат болайық.				
Бесін ас	Бесінас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру. Тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау				
Балалардың дербес әрекеті	Артикуляциялық жатыңулар Мақсаты: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. «Түтікше» - тілді жалпақ ете ауыз қуысында шығарып, тілдің	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. (құрастыру, көркем әдебиет)	«Жапырақтан жасалған кілемше» (бастырма әдісі). Мақсаты: Тұрмыстық заттарды әшекейлеуге табиғи заттарды қолдану техникасымен таныстыру. Кепкен жапырақтарды бастырма әдісі арқылы қолдануды үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	«Ғажайып сурет әлемі» Тақырыбы: «Қандай пішін? Түсін тап! Мақсаты: Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. «Дәл осындай пішінді тап» ойыны Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Балалардың өз таңдаулары	«Әжеме арналған кимешек» шығармашылық орталықта жұмыс Мақсаты: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.

	бүйір жақтарын көтеретін түтікшеге үрлеу. Жаттығуды жайлап жасау керек (сөйлеуді дамыту)			бойынша шығармашылық –танымдық жұмыстары (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Қорытындылау, Балаларды мадақтау.	(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс, жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)				
	Әл мен Нұрайға өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын білуге үйрету.	Абдрахман мен Мухаммедке дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады, белгілі дыбысқа ауызша сөздерді табуға үйрету.	Асылым пен Сабинаға ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету.	Имранға бейнелеген суреттер мен заттар бойынша әңгімелер құрастыруға үйрету.	Ердәулетке қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға үйрету
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Серуен №6 Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. Қимылды ойын: «Жүзік салу» Мақсаты:Зейін қойып тыңдауға үйрету.	Серуен №7 Ауа-райын бақылау. Қимылды ойын: «Тымпи-тымпи».	Серуен №8 Күзгі жапырақтарды бақылау. Қимылды ойын::	Серуен №9 Алтын күзді бақылау. Қимылды ойын: «Көрші».	Серуен №10 Жәндіктерді бақылау. Қимылды ойын: «Итеріспек» Мақсаты: Мақсаты:Топ болып ойнауға, рөлдердібөліп ойнауға қалыптастыру

		Мақсаты:Топ болып ойнауға, рөлдердібөліп ойнауға қалыптастыру.	«Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту	Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Мексесі
27.11.2023

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай - балабақшасы

Топ: «Ақбота» ересек тобы

Балалардың жасы : 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 27.11 – 01.12. 2023-2024 оқу жылы

Нарымбстова А-Қазыбаева М

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 27.11.2023	Сейсенбі 28.11.2023	Сәрсенбі 29.11.2023	Бейсенбі 30.11.2023	Жұма 01.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары.				
	Дидактикалық ойын: «Сән ательесі» Мақсаты: Заттық әлем. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдарын пішіндерден құрастыруға үйрету. (Қоршаған ортамен	Дидактикалық ойын:«Қарама-қарсы ұғымдар» Мақсаты: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Заттық әлем. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, құрастыру)	Дидактикалық ойын: «Жол әліппесі» Мақсаты: Балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білуге іс жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету.	Дидактикалық ойын: Табиғат құбылыстарын ата Мақсаты: Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. (Қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Кім? Не?» (зат есімдер) Ойынның мақсаты: Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру)

	таныстыру, құрастыру-шығармашылық іс - әрекет)		Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)		
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу.	Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	«Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды , үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	«Аңдарды қоректендір» Мақсаты: Сан, санау 1 саны, және цифр туралы біледі, санай алады. (Математика негіздері - танымдық-ойын)	Ойын: «Бір және көп ойыны» Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. (Математика негіздері - танымдық-ойын)	Дидактикалық ойын: «Жыл атасы» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдері және айларын атай алады; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды санайды. - Қазір жылдың қай мезгілі?	Дидактикалық ойын: «Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру	Дидактикалық ойын: «Артық зат» Мақсаты: ойлау қабілеттерін, қол моторикаларын дамыту. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру (Математика негіздері - танымдық-ойын)

			(Математика негіздері - танымдық-ойын)	(Математика негіздері - танымдық-ойын)	
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру түрлері, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .				
	Қараша айына арналған ертеңгілік жаттығулар II кешені 1. Бытырай жүру. “Сырнай” белгісіне сырнай “үрлеу” 2. Бір орында секіру. 3. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер құру. 4. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын дене бойымен түсіріп тұру. Қолдарын алға, артқа сермеу, біртіндеп көтере сермеу. 4-6 рет қайталау. 5. Б.қ.: аяқ арасын алшақ, қолдарын түсіре, тік тұру.”Шүберек қуыршақтар” қолдарын бос ұстай, денелерін оңға, солға бұру, бірнеше рет қайталағаннан соң, б.қ. оралу. 5-6 рет қайталау. 6. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын артқа жасыра тұру. Алға қарай еңкею, б.қ. оралу. 4-6 рет қайталау. 7. Б.қ.: шалқалай жату, қолдары дене бойында. Тізелерін бүге, қолдарымен көмектесе отыру, б.қ. оралу. 5-6 рет 8. “Құлыншақтар” секіре жүгіру. 9. Жай жүру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары) Еңбек дағдылары: (қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: «Дос бол сабын суменен ,жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың») Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т. б.				
	Ұйымдастырылған іс –әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік)				
	Дидактикалық ойын:«Құстар – бііздің досымыз» Мақсаты:Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: "құс қанаты", "бүршік", суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға үйрету.Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен	Дидактикалық ойын: «Дала гүлдері» Мақсаты:Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: "қызғалдақ", "ирек", "су" суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға үйрету.Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен	«Жеті ойыншықтың кереметтері» Тақырыбы: «Сен білесің бе?» Мақсаты:Киіз үй бөліктерімен таныстыру.Әр бөлігі туралы ақпарат беру Ұйымдастырушылық кезең: Балалар шаттық шеңберінде көңіл-күйлерін көтереді. Киіз үйге кіргенде, Бәрі басын иеді. Оның сыры білгенге, Шаңырақ қой киелі. «Ұлы дала ұлағаты» этномәдениет секциясында киіз үйді тамашалау. Киіз үй туралы түсінікті жалғастыру. Сұрақ-жауап ойынын ойнау. Сергіту сәті: Дөңгеленіп тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Кереге боп керіліп,	Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары» Мақсаты: Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: "қошқар мүйіз", "қой ізі", суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға үйрету.Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың	Дидактикалық ойын:«Бізді қоршаған орта» Мақсаты: Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: "құс тұмсық", "бота мойын", "ботакөз", суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға үйрету.Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ұсақ

	қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыр)	қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. (Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыр)	Уықтар боп иіліп Шаңыраққа кейіліп Киіз үй біз құрайық. Балалардың өз таңдаулары бойынша шығармашылық – танымдық жұмыстары. Бақылау, қадағалау, түсіндіру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Қорытындылау, Балаларды мадақтау.	бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыр)	элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. (Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	Қазақ тілі Тақырыбы: Дос іздеген бота Міндеті: Тілдік дамытушы орта Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне	Дене шынықтыру Тақырыбы: Өкшемен, бақайдың ұшымен жүру. Негізгі қимылдар: Жүгіру. Сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру; Еңбектеу.	Музыка (маман жоспарына сай)	Дене шынықтыру Тақырыбы: Қос аяқпен секіру. Қосақтап заттардың арасымен жүру. Міндеті: Секіру. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып секіру. Лақтыру, домалату, қағып алу. Ойын: «Аюлар мен	Дене шынықтыру Тақырыбы: допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу. Міндеті: Лақтыру, домалату. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің

	аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу. «Көңіл күйді көрсету» Ситуациялық көрініс (сахналау) - Сыйлаған гүл шоғын қабылдау кезіндегі қуаныш. - Жақын адамыңмен кездесу кезіндегі шаттық - Достарыңмен қоштасу кезіндегі мұң - Өз досыңның жетістігіне мақтаныш - Өзіңнің жіберіп алған қателігіңе реніш. «Менің көңіл – күйім қандай?» мұнда ортаға бір бала шығып, өз көңіл-күйін мимикамен, түрлі қимыл-қозғалыстар арқылы көрсетеді.	Ойын: «Мысық пен торғайлар» қимыл-қозғалыс ойыны. Шарты: «Мысық» залдың бір шетінде ұйықтап жатады. «Торғайлар» зал ішінде дән шоқып, секектеп жүреді. Белгі бойынша «мысық» оянып, «торғайларды» ұстайды. Ойын бірнеше мәрте ойналады.		арлар» Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді бір топ бір орындықтарда екінші топ екінші орындықтарды отырады. Ысқырық бойынша «аралар» алаң ішінде ұшады Белгі бойынша «аюлар» араларды қуалап ұстайды. Ал аралар жылдам өз орындарына жылдам бару керек. (ойын 3-4 рет қайталанады) «Үлкен және кіші дөнгелек ойны» Балаларға шарты түсіндіріліп 3-4 рет қайталау. Балаларды мадақтау. Секіру түрлерінің дұрыс орындалуын бақылау. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.	сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Қимылды ойын: «Адасқан доп» Жүргізушіден басқа балалардың бәрі бір-бірінен қол созым жерде шеңбер құрап тұрады. Олар үлкен допты бір-біріне береді. Жүргізуші ойынның сыртында жүгіріп жүреді. Допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер
--	--	--	--	--	---

	Қалғандары оны тауып айтады. Музыка (маман жоспарына сай)				қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұрған ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шеңберің сыртына шығады. Ойын қайталанады.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау (Сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
	«Орныңды тап» серуен кезіндегі тәртіп туралы әңгімелесу	«Менің ойыншығым» ойын жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу	«Қатесін тап» ауа-райына байланысты ретімен киіну	«Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау	«Біз көмекші боламыз» балалардың киіну кезінде бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ моториканы дамыту.
Серуен -бақылау, зерттеу әрекеті; еңбекке баулу -қимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық	№11 Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын:	№12 Бақылау: Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты	№13 Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға	№14 Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны,	№15 Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге де әсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алаңы

ойындар мен жаттығулар; -балалардың дербес әрекеті;	«Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы. «Бағдаршам» Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліп алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса, сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. Қимылдық ойын:	аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп –баптауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса-табиғат, Аман болар –адамзат. Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат, денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. Ойын: «Біз кішкене отбасы» Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Қимылдық ойын: «Шымшық доп» Ойын барысы: Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені	баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Отан –менің ата-анам, Отан-досым, бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. Ойын: «Қояндар секіреді». Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Қаздар мен бақташы». Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы тандап алады. Басқа балалар болады. Ортадан бір сызық созылады. Ол-қаздардың үйі	саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық» Ойын барысы:
---	---	---	--	---	--

	«Үрпек төбет» Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады. Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайықта, Қайтер екен содан соң-қарайықта. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет	6-7 тақтайшаны қисайтып қояды. Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады. (Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет). Ойнаушылар тақтайшадан айналып тұрады. Басқарушы таңдап алынады. Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді. Ойнаушылар оны ұстап алады. Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1. Жарысу. 2. Төбешікке секір	болады. Бақташы қаздарды жайып шығады. Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га, га, га Бақташы: тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар: жоқ, аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет ояғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. Тренинг: «Қаздар болып ұшайық»	Қимылдық ойын: «Кім тезірек?» Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады. Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. Тренинг: «Қолшатыр»	Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады. Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді, бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе «тоқта» деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады. Басқарушы барлық «фигураларды» айналып шығып, ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға
--	---	--	---	---	--

	оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жанжаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады . Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Төбешіктен-төбешікке секір. 2.Күн мен түн Тренинг: «Күн шуағы»				қосылады да , ойын қайталанады. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: • Қуаласпақ. • Тығылыспақ. Тренинг: «Киіз үй»
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.				
	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.Кім салқын сумен жуынса – батыр бала ол бала.Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау.
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану.				

	Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
	Дастарқан басындағы дәстүрлер: Дастархан басында адамдар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді.	«Кезекшімін мен бүгін асханада» Ө.Ақылбеков Мақсаты: Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. (көркем әдебиет, қарым-қатынас) Гигиеналық шара: «Дос бол сабын суменен, жуын күнде су мен сен, жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың»	Ырым, тыйым сөз Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же.	Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек.	Ас туралы мақал мәтел «Ас атасы нан, нан атасы дән»
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тындау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
	Тыныш күйге енеді, Мойындарымыз да жайымен. Еркіндеріміз сәл ашылып Дем аламыз жайымен. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы Дем алады барлығы. (әуенмен)	Кірпіктеріміз айқасты, Көздеріміз жұмылды. Дем аламыз жай ғана, Ұйқыға біз кірістік. (әуенмен)	Мойын, бас, қол, аяқтар, Ғажайып бір күйге енді. Дем алады барлығы, Тыныш бір күй кешеді. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы, Дем алады барлығы. (әуенмен)
	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Сергіту гимнастикасын жүргізу.	Төсек үстінде жатып, аяқ қолдарына гимнастикалық жаттығу жасау. Орнынан тұрып, еденді жалаң аяқ 4-5 мин басып жүру.	Күн, ауа, су процедураларын қабылдау. Бөлмеге түскен күнге қыздырыну. Сумен шайыну.	Беті-қолын, мойынын салқын сумен жуу. Көзге арналған жаттығулар.	Су жолдарымен жалаң аяқ жүру. Сергіту гимнастикасын жүргізу.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру 7 (Сөйлеуді дамыту)				
	«Ұқыпты тамақтану» (сурет бойынша әңгіме)	Ас туралы мақал мәтел «Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы»	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: «Жаңылтпаш-жұмбақтар,мақал-мәтелдер» Мақсаты: Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы	«Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Бидайдың қалай өсетінімен танысады, диқаншылардың еңбегін бағалауды біледі, автор сөздерін айту. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қазақ тілі)	Ғажайып сурет әлемі Тақырыбы: Күзгі ағаш (мақталы таяқша) Мақсаты: Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында ағаш жапырақ-тарын мақталы таяқша ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Бояумен іс-әрекет жасай білуге баулу. Дидактикалық ойын: “Бұл қай мезгіл?”	Дидактикалық ойын:"Дүкен" Ойынның мақсаты:Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту ,автор сөздерін айту,	Сюжетті- желілі ойын: «Ойыншықтар әлеміне саяхат» Мақсаты: Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту,Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен

	туралы балалармен талқылау, мазмұнын түсінуге және автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қазақ тілі)		Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қазақ тілі)	кейіпкерлердің мінезін беру. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қазақ тілі)	құбылыстардың атауларымен кеңейту. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қазақ тілі)
Балалармен жеке жұмыс	Алихан мен Асылымға негізгі қимылдарды үйрету	Мәди мен Абдурахманға Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.	Ақжан мен Ахмадқа Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету.	Мариям мен Аруназға Сөздік қор. Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларды қалыптастыру.	Дарын мен Әділге 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (Сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
	Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің неше айы бар?	«Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу)	«Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме)	«Сондай бала болама?» (өлең оқып беру)	«Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме)

Серуен	Ойын алаңдарын тазалау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	Серуен №11	Серуен №12	Серуен №13	Серуен №14	Серуен №15
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				